

БҮГІНГІ КҮНІ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ КӨМІР ҚОРЫНЫҢ КӨЛЕМІ 3,7 МЛН ТОННАҒА ТЕҢ. КОММУНАЛДЫ-ТҮРМЫСТЫҚ СЕКТОРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛІНУДЕ. ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНЫҢ 3 АЙЫНДА НАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖОСПАРҒА 108% ҚҰРАДЫ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ТАСЫМАЛДАУА 20 МЫҢНАН АСТАМ АШЫҚ ВАГОН ТАРТЫЛҒАН. СОНДАЙ-АҚ ҮШ МЫҢҒА ДЕЙІН ЖЕКЕ ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ВАГОНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІ БАР. ЖАЛПЫ ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ҚАЗЕТТІ КӨЛЕМДІ ТАСЫМАЛДАУДЫ ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.



Марат ҚАРАБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Көлік министрі



№73 (3003)  
27/08/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ МАРШРУТА

**Возможности модернизированного маршрута Баку – Тбилиси – Карс презентовали казахстанским грузоотправителям на совместном совещании АО «НК «ҚТЖ» и ЗАО «Азербайджанские железные дороги».**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

В мероприятии, организованном филиалом АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция интегрированного планирования» и Азербайджанской железной дорогой, приняли участие казахстанские грузоотправители, представители отраслевых ассоциаций и НПП «Атамекен».

Открывая совещание, глава Дирекции интегрированного планирования Вадим Копылов выразил азербайджанским коллегам признательность за сотрудничество и подчеркнул, что совместные усилия по интеграции железнодорожных сетей, упрощению таможенных процедур и развитию транспортной инфраструктуры способствуют значительному росту товарооборота и укреплению экономических связей между нашими странами.

– Подтверждением тому является динамика перевозок между нашими железными дорогами за семь месяцев этого года – 3,2 миллиона тонн грузов, что на 37% превышает аналогичный показатель 2023 года. По маршруту ТМТМ перевезено 1,9 миллиона тонн, на 0,4 миллиона тонн больше, чем за семь месяцев прошлого года, – проинформировал Вадим Копылов.

Главной темой повестки дня стали возможности модернизированной линии Баку – Тбилиси – Карс, обеспечение подвижным составом, тарифы, мощности переработки терминалов и т. д.

После реновации и реконструкции маршрут запущен в эксплуатацию с мая 2024 года. Проект реализован по инициативе Азербайджана для увеличения транзита за счет снижения стоимости грузовых перевозок по Среднему коридору. Он позволит ускорить доставку



грузов между Азией и Европой, минуя порты Черного моря, и станет более экономичным в сравнении с морскими и автомобильными перевозками.

В своей презентации советник председателя ЗАО «Азербайджанские железные дороги» Эмиль Мамедов подробнее ознакомил с пропускной способностью линии Баку – Тбилиси – Карс и ее участков по территории трех стран.

– Модернизация маршрута позволила к настоящему моменту увеличить его пропускную способность в пять раз: с одного до пяти миллионов тонн грузов в год. Я говорю про ту часть коридора, которая пролегает по Азербайджану и Грузии. Далее будет проводиться соответствующие работы по территории Турции, что со временем позволит нарастить указанный объем грузов, – отметил Эмиль Мамедов.

Повысилась также эффективность и эксплуатационные характеристики коридора. Полностью завершена электрификация магистрали, проведена реконструкция станции Ахалкалаки. До конца года заработает совместное предприятие с участием грузинской и азербайджанской сторон, которое будет работать над формированием тарифной политики и условий перевозок по маршруту.

Грузоотправители выразили заинтересованность в перевозках по модернизированной линии, отметив

исторически высокий экспортный спрос на Турцию.

– Казахстанский логистический бизнес возлагает на Баку – Тбилиси – Карс большие надежды. Мы ездим в этом направлении в сторону Турции, также соответственно ездим в Баку. Хорошо, что созданная инфраструктура проходит модернизацию и сейчас вы работаете над сервисом. Сервис – это очень важный вопрос. Мы хотим знать сроки и стоимость перевозки, особенно на те грузы, что имеют особый спрос. Это контейнерные, а также насыпные и наливные грузы, – сказал гендиректор АО «Транко» Сергей Анашкин.

Стороны договорились обменяться дополнительной информацией с учетом озвученных вопросов и комментариев казахстанских железнодорожников и грузоотправителей, а также продолжить практику таких встреч.

Кроме того, в ближайшее время планируется организовать road-show для демонстрации действующих мощностей и преимуществ перевозок грузов через маршрут Баку – Тбилиси – Карс.

– Мы всегда открыты к диалогу и выражаем готовность и дальше укреплять наше партнерство, совместно решать возникающие вопросы, – сказал в завершение встречи Вадим Копылов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТҚА САЙ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ мүмкіндігінше жолаушыларға қызмет көрсетуде халықаралық стандартты ұстанады. Биыл 316 мыңнан астам мүмкіндігінше шектеулі жан ұлттық тасымалдаушының арнайы вагондарымен сапар шеккен.

Ұлттық тасымалдаушы иелігінде мүгедектер арбасын қолданатын жандардың кіріп шығуына мүмкіндік беретін көтергіш құрылғылар орнатылған арнайы купесі бар 95 вагон бар. Арнайы купелерде мүмкіндігінше шектеулі жандар жеке немесе қасында ертіп жүрген адаммен бірге сапар шеге алады. Кіріп-шығу жандарға арналған купесі бар коммерциялық және «Тальго» пойыздарында барлық мүгедектік топтар үшін, сондай-ақ оларды ертіп жүрген адамдарына билетке 50% жеңілдік беріледі.

Арнайы купеде екі жататын орын, тұтқалар мен төмен орналасқан раковина орнатылған жуыну бөлмесі бар. Сондай-ақ арнайы жиналмалы тұтқалар, шектеу құрылғысы, құлаудан сақтайтын қолдаушы белдіктер қарастырылған. Купе жолаушының өзінің орын ауыстыруына мүмкіндік беретін қосымша белдіктермен және төтенше жағдайларда жолсерікті шақыру батырмасымен жабдықталған.

Арнайы купенің техникалық жағдайы пойыздың рейске шығуына дейін әр сапар алдында тексеріледі. Техникалық қызмет көрсетуді мамандандырылған компания жүзеге асырады. Жолаушылар вагондарының жолсерікті мен пойыз бастықтары мүмкіндігінше шектеулі жолаушыларға қызмет көрсету мәселелері бойынша арнайы оқудан өтеді. Ал вокзал қызметкерлері мүмкіндігінше шектеулі жандарға пойызға отыру және шығу кезінде көмек көрсетеді. Арнайы купеде билеттерді вокзалдардағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ кассаларынан немесе <https://bilet.railways.kz/> сайты арқылы сатып алуға болады. Билеттерді рәсімдеу үшін ЖСН және мүгедектің растайтын құжатты ұсыну қажет.

Ислам ТАЛҒАТ



**Касым ТЛЕПОВ,**  
заместитель председателя  
Комитета железнодорожного  
и водного транспорта МТ РК:

**ПРИНЯТЫЙ КОМПЛЕКСНЫЙ ПЛАН ПРЕДУСМАТРИВАЕТ РАЗВИТИЕ ЛОГИСТИКИ, СМЕЖНЫХ ОТРАСЛЕЙ, УПРОЩЕНИЕ ТАМОЖЕННЫХ И АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРОЦЕДУР, А ТАКЖЕ ЦИФРОВИЗАЦИЮ КОРИДОРОВ ТМТ И СЕВЕР – ЮГ. ЭТО ПОЗВОЛИТ УВЕЛИЧИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ ПЕРЕВАЛКИ КОНТЕЙНЕРОВ В ТРИ РАЗА, ТРАНЗИТНЫХ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК – В ДВА РАЗА, СНИЖЕНИЕ ВРЕМЕНИ ОБРАБОТКИ СУДОВ И ОФОРМЛЕНИЯ ГРУЗОВ В ПОРТАХ – В 1,5 РАЗА.**

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

НЕГІЗГІ КӨМІР ТИЕУ  
СТАНЦИЯЛАРЫНА  
ТАРТЫЛҒАН

### 100 км

АСТАМ ЖОЛ ЖӨНДЕУДЕН  
ӨТКЕН.

АСТАНА, ЖАҢА-ЕСІЛ,  
ЖЕЗҚАЗҒАН ЛОКОМОТИВ  
ПАЙДАЛАҢУ ДЕПОЛАРЫ  
ЖУЫРДА СУ ЖАҢА

### 18

МАНЕВРЛІК ТЕПЛОВОЗБЕН  
ТОЛЫҚТЫ.

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕ  
ЖОЛ ЖҰРУ АҚЫСЫ

### 62

БАҒДАР БОЙЫНША  
ҚЫМБАТТАП ОТЫР.

### Әлеуметтік жүк

## ТӘУЛІК БОЙЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗЕДІ

**2024-2025 жылдың жылу маусымына дайындық кезеңінде ҚТЖ желісі бойынша осы жылдың мамыр айынан бастап 17 млн тонна көмір тасымалданған. Оның ішінде 16 млн тонна елдің жылу электр орталықтарына және 1 млн тоннасы тұрғындарға жеткізілген.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Астанада Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ – «Интеграцияланған жоспарлау дирекциясы» филиалы директорының орынбасары Ғани Есенбаев осындай деректер келтірді. Оның айтуынша, жылу беру маусымының тұрақты өтуі үшін ҚТЖ көмір тасымалдау бойынша Жол картасын орындайды. Құжатқа жедел штабтың мониторингтік топтардың жұмысы жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ негізгі көмір тұйықтарына барып жағдаймен танысу және мүдделі мемлекеттік органдар, көмір разрездері өкілдерінің қатысуымен кеңестер өткізу енгізілген.

«Коммуналдық-тұрмыстық көмір жеткізілімі өңірлерге бөлінген. Біз былтырғыдай ұйымдастырылған маршруттармен жөнелтуді жоспарлап отырмыз. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының аумағында тас көмір алуға дайын 336 кірме жол іске қосылды. Жылу маусымына дайынбыз», – деді спикер.

ҚТЖ-да көмір тасымалдауды үйлестіру жөніндегі жедел штаб жұмыс істейді, оған орталық аппарат пен аумақтық бөлімшелердің 60-тан астам қызметкері жұмылдырылған. Штаб тәулік бойы әрбір көмір кен орындарынан Қазақстанның барлық облыстарына және елдің жылу электр орталықтарына көмірді тиісінше жөнелту мониторинг жүргізеді. Жедел режимде реттеу шешімдерін қабылдайды және бос вагондарды жіберу мен тиеуді шұғыл әрі орта мерзімді жоспарлауды қамтамасыз етеді.

Ұлттық компания «Қаражыра» АҚ, «Майкубен Вест» АҚ, «Шү-

баркөл Көмір», «Қазақмыс» АҚ көмір разрездерінің өкілдерімен кеңестер өткізіп, алдағы жылыту маусымының өтуі, көмір тасымалдардың маршруттарды ұйымдастыру мәселелерін талқылады. 2024-2025 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңде көмір тасымалдауға «Қазтеміртранс» АҚ-ның 20 мыңға жуық жартылай вагоны тартылатын болады.

Сонымен қатар ҚТЖ ЖЭО қоймаларында көмірді, қатты отын қорының қалдықтарын тасымалдауды қамтамасыз ету мониторингін бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді, сондай-ақ жүк жөнелтушілердің өтінімдерін қамтамасыз етуді және вагондар айналымының орындалуын бақылайды. Көмір тасымалы мониторингіннің интерактивті жүйесі (дашборд) енгізілді.

Жылу беру маусымында көмірді

жүйесі (дашборд) енгізілді.

Жылу беру маусымында көмірді



тұтыну көлемі шамамен 8,6 млн тоннаны құрайды. Оның 2,3 млн тоннасы өнеркәсіптік кәсіпорындарға және 6,3 млн тоннасы халыққа тиесілі. ҚТЖ деректері бойынша 21 тамыздағы жағдай бойынша 1 млн тоннадан астам көмір жеткізілген, өңірлер бойынша қатты отынмен қамтамасыз ету жылдық жоспардың 13%-ын құрайды.

Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУКА

## СПРОС С ПЕРВЫХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ

**Итоги ревизорской проверки железнодорожных предприятий Алматинского региона подведены на расширенном совещании, состоявшемся под руководством директора департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марата Шакенова.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

В течение нескольких дней проверкой центрального ревизорского аппарата были охвачены участки Отар – Алматы – Алтынколь, Саяк – Ақтоғай – Достық – Алматы.

В рамках комиссионной ревизии остротено содержание подвижного состава и железнодорожной инфраструктуры, выполнение технологии эксплуатации и ремонта, соблюдение порядка ведения нормативно-технической документации.

– Руководители должны понимать, что недочеты в их работе недопустимы, и за это будет соответствующее наказание, вплоть до освобождения от занимаемой

должности, – заявил Марат Шакенов.

В ходе совещания было отмечено, что ряд нарушений, выявленных в ходе проверки, повторяется с предыдущей ревизией 2022 года. Так, несмотря на проводимый месячник, допускается недостаточное закрепление составов тормозными башмаками на станциях Шамалган, Алтынколь, Коктума, Матай и Алматы-2. По хозяйству движения и грузовому хозяйству выявлено 276 нарушений, в том числе 71 запретная мера.

Как отметил Марат Шакенов, в локомотивном хозяйстве особую тревогу вызывает низкий уровень знаний производственного персонала, а также учет рабочего времени локомотивных бригад. Критике подверглось и путевое хозяйство, где на перегонах Матай – Ақозек

1 276-й километр Уштобинской дистанции пути, а также на 1 200-м километре перегона Арганаты – Сарыкурук Ақтоғайской дистанции пути неудовлетворительно содержится бесстыковой путь, не обозначены маячные шпалы, имеются смещения железобетонных шпал (перекошенные), износ резиновых технических изделий на скреплениях «КБ» и «ЖБР». Также было отмечено ухудшение пути на станциях Алматы-2, Уштобе по шпальному хозяйству и переводных брусев, со стороны руководства дистанции упущен контроль за текущим содержанием пути и стрелочных переводов, КМО проводятся некачественно, имеется массовый износ рамных рельсов с остряками. Только на участке Отар – Алматы – Алтынколь по хозяйству пути выяв-

лено 282 нарушения, в том числе принято 109 запретных мер (закрыто 45 стрелочных переводов, 22 станционных пути и один перегон). Неудовлетворительно организовано содержание бесстыкового пути на перегонах Отар – Чильбастау, Коба – Жирен – Айгыр, Кальпе – Коксу. На сегодняшний день пути эксплуатируются с высоким риском безопасности движения из-за большого количества кустовой гнилости шпал и брусев, износа стрелочных переводов на станциях Сары-Озек, Коскудук, Алтынколь, Кайрат, Жетысу, Медеу, Алматы-1, 2.

В вагонном хозяйстве выявлены 135 нарушений, 46 запретных мер.

Касательно хозяйства сигнализации и связи было указано обратить внимание на проблемы, связанные с техническим состоянием оборудования, надежности систем связи и своевременностью их обслуживания.

В качестве положительного примера были отмечены Алматинское эксплуатационное вагонное депо и Алматинская дистанция электроснабжения.



### ІРІ ПАРТИЯСЫ ЖЕТКІЗІЛДІ

Қазақстан темір жолы Қытайдан Қазақстанға автомобиль тасымалдауды жүзеге асырады. 23 тамыз күні Алтынкөл станциясында Қытайдан жеткізілген автомобильдердің ірі партиясы сәтті қабылданды.

Оның шеңберінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін арнайы автоторларға орналастырылған 280 автомобиль жеткізілген. Бұдан әрі автомобильдер соңғы нүкте Алматы қаласына жеткізіліп, логистикалық тізбек аяқталады.

Бұл жоба компанияның Қазақстан мен Қытай арасындағы сенімді жүк тасымалдау қатынасын қолдау жөніндегі табысты стратегиясының іс жүзіндегі көрінісі болып табылады.

Бұл ретте тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТЖ-ның еншілес компаниясы – «KTZ Express» АҚ әртүрлі жүктерді тасымалдау бойынша жоғары сапалы қызметтерді ұсына отырып, өңірдегі жетекші логистикалық оператор ретінде өз позициясын нығайтуды жалғастыруда.

Ұлан ОРАЗ

## НҮКІС – МАҢҒЫСТАУ ПОЙЫЗЫ ЖҮРЕ БАСТАДЫ

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау



22 тамыздан бастап Өзбек темір жолы құрастырған Нүкіс – Маңғыстау бағытындағы мемлекетаралық №649/650 пойызы жүре бастады. 23 тамыз күні түбек теміржолының Маңғыстау станциясына келіп тоқтаған алғашқы пойызды жергілікті жұртшылық зор құрмет-қошеметпен қарсы алды.

Туысқан екі ел арасын жақындатқан пойыз небәрі 21 сағатқа жуық жол жүріп, Маңғыстау мен Нүкісті байланыстырады. Пойыз Қарақалпақстанның басты қаласы – Нүкістен 22 тамыз күні кешкі сағат 20:16-да қозғалып, Маңғыстауға ертесі күні сағат 17:14-те жетті. Пойыз аралықтағы жеті жүз шақырымға жуық жолда тоғыз аялдама жасайды. Соның ішінде ең көп тұратын аялдамасы – Қарақалпақстан мен Бейнеу станциялары.

Ал Маңғыстаудан кері бағытта кешкі сағат 18:54-те жолға аттанып, келесі күні түс қайта Нүкіске жетеді. Билет құны плацкарт вагондары үшін 18 243, купе вагондында 32 262 теңге. Қазірдің өзінде бұл бағытқа сұраныс жоғары болып тұр. Бірінші құрамға билеттер түгел сатылып кеткен. Пойыз құрамында 1 купе, 7 плацкарт вагон бар.

– Жылдар бойы аралас-құралас жатқан қарақалпақ пен қазақ – бауырлас халық. Әсіресе біздің Маңғыстаумен тығыз байланысты, той-томалағы, басқасы бар, қатынап жатқан халық көп. Алғашқы пойызды қазақ дәстүрге сай ас-суымызды ұсынып қарсы алдық. Жолаушылар тасымалының «Батыс» филиалынан, Маңғыстау қосалқы бөлімінен, Маңғыстау магистральдық желі бөлімесінен, жергілікті әкімдіктен өкілдер келіп, халықтың қуанышына ортақтасты. Бұрын Маңғыстаудан Нүкіске баратын халық үшін мұндай мүмкіндік болмаған. Енді тіке баратын пойыз ашылып, жолаушылар пойыздан пойызға не тасиге мініп жүрмейді, сондықтан халықтың көңілінен шыққан жоба болды деп ойлаймын. Өзбекстандық әріптестеріміздің ісіне сәттілік тілеп, өзіміздің риясыз көңілімізді білдіріп, қайтар құрамды шығарып салдық, – дейді Маңғыстау вокзалының бастығы Айгүл Амирова.

Суретті түсірген автор

## ТЕСТТІК ТЕКСЕРУДЕН ӨТУДЕ

Абай ЕРТИС,  
Семей



Семейдегі жергілікті тұрғындар мен қала қонақтары жиі баратын, әйгілі демалыс аймағы саналатын Ертіс ортасындағы «Бейбітшілік» аралына қатынайтын теміржол қолданысқа толықтай дайын. Өткен жылдың күзінде басталған жаңа құрылыс үзіліссіз жүргізіліп, небары бір жаздың ішінде аяқталып отыр.

Бұрынғы балалар теміржолының негізінде салынған, қаланың кішкентай тұрғындары мен қонақтары үшін таптырмас демалыс орны болатын теміржол тармағы таяу күндері іске қосылмақ. Бүгінде заманауи пойыз жеткізіліп, вагондар пайдалануға дайын. Дәл қазіргі таңда теміржол тесттік тексеруден өтуде. Мердігер компания өкілдері өткен жұма күні алғашқы жылжымалы құрамды жолға шығарып, арал ішіндегі төселген рельстермен жүріп өтті. Мердігер компания басшысы Геннадий Пьяновтың айтуынша, пойыз қолданысқа дайын тұр. Тексерулер көрсеткендей, ешқандай кінәрат анықталған жоқ. Жаңа желі осы аралдағы байырғы балалар теміржолының ізі бойынша қайтадан салынғандықтан жер рельефі бұзылмаған. Қажетті вагондар мен арнайы тепловоз Ресейдің Удмуртия өлкесінен жеткізіліп, осында құрастырылған. Әзірге үш вагон мен бір тепловоз келіп, қанатқақты жоба бойынша қолданысқа берілмек.

Сондай-ақ қазіргі күндері құрылыс жұмыстарының ең соңғы кезеңдері жүріп жатыр. Яғни жолаушылардың жүріп-тұруына қолайлы болу үшін арнайы перрон төселуде. Барлық жұмысы біткен соң мердігерлер аталмыш құрылысты облыстық әкімдік қарамағына өткізеді. Осыдан соң ғана жылжымалы құрам өзінің алғашқы жолаушыларын қабылдамақ. Қазірдің өзінде қалалықтар ерекше құрамның әне-міне іске қосылуын асыға күтіп жүр.

Сарапшылардың пікірінше, жаңа желі өзін толық ақтайды. Біріншіден, тұмса табиғаты бар аралдың экологиялық ахуалын жақсартуға септігін тигізсе, екіншіден аралдағы жолаушы тасымалы мәселесін шешуге де көмектеседі.

Болашақта аталмыш теміржолдың қолданыс аясын кеңейтіп, қосымша бекеттер салу да күн тақырыбында тұр.

Суретті түсірген автор

## ЕҢБЕК ҚОРҒАУДА ӨЗ ТӘЖІРИБЕСІ БАР



Ұзақ жылдар бойы еңбек қауіпсіздігін сақтауда жазатайым оқиғасыз жұмыс істеген Түрксіб станциясына Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директорының «Алғыс хаты» тапсырылды. Қырғыз темір жолымен шектесетін халықаралық түйісу станциясының еңбек қорғауда өз тәжірибесі бар.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

Бұрынғы Луговой – бүгінде Түрксіб атайын иемденген станция көрші елмен түйісу пункті болғанымен, атқаратын қызметіне қарай учаскелік станцияға жатады. Қазіргі уақытта көршілес елдердегі жүк пойыздарына шекаралық бақылау жүргізілмейді.

– Бірінші класты станция деген статусымыз бар. Жүргізіліп жатқан жұмыс көлемі бойынша учаскелікке де жатамыз. Пойыздар қозғалысы жиі, жүк тасымалының қарқыны да жаман емес. Соңғы бірнеше жыл өндірісте апағты жағдай, жарақат алу сынды жазатайым оқиғалар орын алған жоқ, яғни еңбек қауіпсіздігін сақтауда жетістігіміз де аз емес. Бұл тұрғыда басты ұстанымымыз – станцияда еңбек ететін әрбір теміржолшыдан ең алдымен өз жеке

басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қатаң талап етіледі. Еңбек қауіпсіздігін сақтаудың ережесіне сәйкес келмейтін жағдай қатаң сынға алынады. Бүгінгі күні штатта 88 адам болса, оның 79-ы ауысыммен жұмыс істейді. Ауысым арасында теміржолшылардың жұмысы медициналық тексеруден өтуден басталады. Жұмысшы-қызметкерлерге арнайы киімді киіп жүру міндеттелген, – дейді Түрксіб станциясының бастығы Тимур Қуанышұлы.

Өндірістегі жарақаттардың және жазатайым оқиғалардың алдын алу – станцияда күн сайын өтетін техникалық сабақтың да басты тақырыбы. Дәрісте еңбек қауіпсіздігін сақтаудың ережелері мен талаптары әрбір күн сайын қайталанып, осы бағытта шығарылған қаулылар таныстырылып отырады. Станция бастығы техсабақтардың формальдық сипат алмай, өз дәрежесінде

өтуін қадағалап отырады. Бұл да еңбек қорғау мен қауіпсіздіктің сақталуына ықпал етері сөзсіз.

Сонымен қатар теміржолшылар арнайы жоспарға сәйкес, кезең-кезеңімен еңбекті қорғау саласындағы біліктілікті арттыру курстарына жіберіліп, арнайы құрал-жабдық, жұмыс киімдерімен уақытты қамтамасыз етіліп тұрады.

Станцияда қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға үлес қосқан қызметкерлерді марапатқа ұсынып, еңбегін дәріптеу ісі жақсы жолға қойылған. Олардың арасында «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», «Үздік маман», т.т. төсбелгілерінің иегерлері аз емес. Бөлімше басшылығы еңбек қауіпсіздігін сақтауда жазатайым оқиғасыз жұмыс істеген станция басқа салалық құрылымдармен өзара тәжірибе алмасуы керек деп санайды.

Суретті түсірген автор



## БЕЛКӨЛДІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ



Жүк түсіру-тиеу, құжат рәсімдеу, тіркеу, вагон жеткізіп беру, құрамдарды бір-бірінен ажыратып, құрастыру секілді таусылмайтын жұмыстар кез келген станцияда қызу жүріп жатады. Біздің жолымыз түскен Белкөл станциясында да үйреншікті көрініске куә болдық.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Белкөл станциясы бастығының логистика жөніндегі орынбасары Ғабит Тлеубаевтың мәліметінше, биылғы жеті айда пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайы орын алмаған. Жүк және коммерциялық жұмыстар бойынша жарамсыздық жағдайы тіркелмеген. Өндірістік жұмыстар кезінде вагонның кешіктірілуі, транзитті вагондардағы қауіпті жүктердің зақымданып, вагоннан ағытылу жағдайы да болмаған.

– Жеті айда тиісті деңгейге жеткізілмей қалған көрсеткіштер алдағы уақытта толықтырылатын болады деп ойлаймыз. Өйткені жүк тасымалына байланысты жоспарлы көрсеткіштің кемшін түсіп жатқаны болса, ол біздің қызметімізге немесе теміржолшылардың жұмысына байланысты емес. Бізде өз кәсібін игерген нағыз мамандар еңбек етеді. Кенжебек Малғайдаров пен Болат Махашов, парк



кезекшілері Әлібек Тәжібаев пен Жасұлан Айттықалықов, тауар кассирі Гүлшайым Сүлейменова, жүк қабылдап-тапсырушы Мөлдір Оралова, тасымал құжаттарын өңдеу операторы Айбек Айшықов, станция кезекшілері Гүлмира Жүнісова мен Бақытжан Назаров – өндірістік жұмыстардың сапалы орындалуына басымдық беретін біздің ең таңдаулы, тәжірибелі қызметкерлеріміз, – деді станция бастығының орынбасары Ғабит Тлеубаев.

Айтса айтқандай, белкөлдіктер бағындыр-

ған биік көз тартарлық. Негізгі өндірістік көрсеткіштер 96-126 пайыз аралығында орындалған. Жалпы бекеттегі тасымалдау жұмыстары кезінде технологиялық талаптар, техникалық және еңбек қауіпсіздігі қағидалары толық сақталып жұмыс жасалады. Әрбір станциялық өзіне бекітілген міндетті кәсіби деңгейде орындауға дағдыланған. Демек, «Белкөлдің басты байлығы – адамдары» деген станция басшысының тұжырымымен біз де келісеміз.

Суретті түсірген автор

## АДАМ ФАКТОРЫНЫҢ ӘСЕРІ



Маңғыстау темір жолында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық жағдайы биыл бірнеше рет қайталанған. Аталған жайтқа алаңдаушылық білдірген қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары кері көрсеткіштерді болдырмауға бағытталған іс-шараларды күшейткен.

Айсұлтан АРМАН,  
Маңғыстау

Жақында Бейнеу-Тассай аралығын тексерген өңірдің бас ревизоры келеңсіз оқиғалардың себеп-салдарына тоқталды. Маңғыстау аймағы бойынша бас ревизоры Болат Дүйсәлиевтің айтуынша, биылғы жеті айда түбек теміржолында үлкені-кішісі бар, барлығы 27 рет пойыздар қозғалыс қауіпсіздігінің бұзушылық жағдайы тіркеліпті. Соның ішінде тоғыз еңбекші бойынша үлкен бұзушылыққа жатады. Оның төртеуінің туындауына теміржолшылардың өздері кінәлі екені анықталған. Қалғаны теміржолға қатысты емес мекемелердің кінәсінен болған. Одан бөлек бір «инцидент» тіркелген.

– Жоғарыда аталған төрт жағдайға келсек, бәрінде адам факторының әсері бар. 11 қаңтарда жылжымалы құрам «қызыл сигналға» тоқтамай өтіп кетеді. Сондай жағдай биыл үш рет қайталанып отыр. Үшеуі де тепловоз машинистің салғырттығынан, жолдағы белгі беру сигналдарын жіті қадағаламай, өз міндетіне немқұрайлық танытуынан орын алған.



Қаңтар айында екі рет осындай оқиға тіркелді. Үшінші рет маусым айында Маната бекетінде болды. Сөйлесіп келе

жатады, не көрмейді немесе байқамайды, қызыл белгіден өтіп кетеді. Жылжымалы құрам жылдамдығын түсіріп, жай жүріп келе жатқанымен белгіні ескермей, солай қателікке бой алдырады. Енді бір бұзушылық Өзен станциясында маневр жасап жүргенде пойыз құрастырушылардың қателігінен ағытып қойған вагон жүріп кетіп, АРВ дрезинасына барып соғылады. Біз, ревизорлардың міндеті – кемшілік пен қателіктерді тізбектеп, анықтап, айыптау емес, оның шығу, туындау себебі мен салдарымен күресу. Мұндай келеңсіз жағдайлардың алдын алу, болдырмау үшін жоспардан тыс тексерістер жүргізіп, жұмысшылардың біліктілігін байқап, үйретіп, тәжірибе көрсетіп, мамандардың өз саласын жетік меңгеруіне ықпал етуге ден қойып отырмыз, – дейді бас ревизор.

Бейнеуге барған сапарында ревизорлық құрам жоспарлы тексеріс жүргізіп, Бейнеу локомотив депосында өткен машинистер жиынына қатысқан. Профилактикалық жұмыстар жүргізіп, орын алған қателіктің себебін зерттеп, машинистермен бірге талқылады.

Бас ревизордың сөзіне сүйенсек, жыл басынан тамыз айына дейін ревизорлық аппарат мүшелері 315 тексеріс жүргізіп, 2500 түрлі кемшілік анықтаған. Соның ішінде 452 жағдайда шектеу шарасын қолданған. РВУ-8, яғни болашын деп тұрған үлкен кемшіліктердің алдын алуға арналған журналға 81 жазба қалдырған. Оған қоса жеті рет жоспарлы, екі мәрте жоспардан тыс тексеріс өткізіпті. «Тоқта, тыйым салу сигналы!», «Тыйым салу белгісінен өту – қылмыс!» атты тақырыптық айлықтар жарияланған.

Суретті түсірген автор

## БОРЬБА С НЕВИДИМЫМ ВРАГОМ



СОВЕЩАНИЕ

**В Карагандинском отделении ГП состоялась встреча работников сектора по делам религии и межконфессиональных отношений молодежного ресурсного центра акимата города Караганды с железнодорожниками. На повестке дня стоял вопрос касательно опасности интернет-ресурсов, пропагандирующих экстремизм и терроризм.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Спикером мероприятия выступил член областной информационно-разъяснительной группы по вопросам религий Ержан Есказин.

С его слов, на сегодняшний день появилось немало людей, желающих внести разлад в общество, и одной из основных площадок вербовки считается Интернет.

– Одним из важнейших факторов вовлечения пользователей

в деструктивные религиозные течения служит подписка на сомнительные сообщества и группы в социальных сетях, в том числе на ненадежные псевдоисламские ресурсы. Особенной популярностью среди молодежи пользуются такие социальные сети, как Instagram, TikTok и «ВКонтакте». По статистике, именно молодежь является основной категорией читательской аудитории каналов и страниц религиозного характера, – рассказывает он.

В связи с этим спикером были даны рекомендации касательно конфиденциальности на личных страницах (Ф.И.О., номер телефона, адрес проживания, место учебы или работы и т.д.), так как все это является информацией для интернет-вербовщика. Кроме того, не рекомендуется на показ выставлять свое психологическое состояние, ваше настроение через всевозможные статусы, картинки и видеоролики. Вербовщики – хорошие психологи,

промониторив вашу страницу, смогут сделать психологический портрет и тем самым начать общение, зацепившись за ваши интересы или проблемы.

– Стоит напомнить, что за нарушение статьи 453 КОАП РК (публикация информации на интернет-ресурсах, направленных на разжигание религиозной ненависти, пропаганду экстремизма и терроризма) предусмотрен штраф для физического лица в размере 20 МРП, для должностных лиц – в размере 25 МРП с конфискацией продукции средств массовой информации. Помимо этого, можно получить и уголовную ответственность по статье 256 УК РК «Пропаганда терроризма или публичные призывы к совершению акта терроризма», наказание в виде лишения свободы на срок от пяти до девяти лет с конфискацией имущества, – предупредил железнодорожников Ержан Есказин.

## САМАЯ КРУТАЯ ДИСТАНЦИЯ



ИНФРАСТРУКТУРА

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Местность здесь горная, лавиноопасная, а рельеф сложный, с большим числом уклонов и подъемов, искусственных сооружений – мостов, противообвалных галерей, тоннелей. От пейзажей здесь захватывает дух.

